



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АШЫҚТЫҚ ӘСКЕР БЕДЕЛІН КӨТЕРЕДІ



Әскерге бару – азаматтық парыз. Барлық елде, барлық уақытта елін, жерін, Отанын қорғау – міндет, қалыптасқан дәстүр. Бір ғана айырмашылық оның заңдылығы мен географиялық аймағында. Қазақстан әркез тұрақтылықты, бейбітшілікті қалайтын зайырлы, демократиялық мемлекет. Өзінің тәуелсіздік алған жылдарынан бері бұл ұстанымы мен принциптері беки түсті. Бүгін де Қазақстан қарулы күштерінің барлық әлеуметтік, базалық, әскери мүмкіндіктерін арттырып, мемлекеттің тікелей қамқорлығы мен қадағалауындағы біртұтас жүйеге айналдырды.

(Соңы 3-бетте)

## ТҰҒЫР

# КОНСТИТУЦИЯНЫҢ АВТОРЫ – ХАЛЫҚ

Қазақстан Республикасының тамыр тартар өзегі, бағдар етер айнасы – Конституция. Осыдан жиырма жеті жыл бұрын қабылданған Ата Заң еліміздегі барлық заңнаманың күретамыры. Мемлекеттегі кез келген құрылым бас құжатқа қарап жұмысын жүйелейді. Себебі, Конституцияда тәуелсіз елдің тұғырын биіктетудің, тұрғындардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғаудың негізі жасалған. Сондықтан Ата Заңның тарихы, мақсаты, нәтижесі туралы үнемі айтып, халықтың санасында бас құжатқа деген құрметті қалыптастыру аса өзекті.

Соның ішінде мемлекеттегі әрбір азамат Конституцияның тақыр жерден пайда болмағанын, негізгі заңды қабылдауға барша жұрт атсалысқанын білуі тиіс. Бұған дейін азаматтар заңдық құжаттарды дайындауда белсенділік танытпаған. Ал негізгі заңды жасауға үш миллионнан астам қазақстандық азамат қатысқан болатын. Соның ішінде, 1100 ұсыныс-тілек Конституцияның мәтініне кірген. Осының өзі азаматтық қоғамның өскенін, құқықтық мәдениеттің ілгерілегенін айқындайтын көрсеткіш. Мұндай жауапты істе әр пікір бағалы, әр ұсыныстың құны жоғары. Ақиқат таластан туатындықтан, әр тараптан айтылған пікір мен ұсыныстың көптігі құжаттың сапалық тұрғыдан өсуіне ықпал етері анық. Халықтың жағдайын халықтың өзінен артық ешкім білмейді. Көпшіліктің көкейін-

дегісін ескерген құжатқа қателік болмайтыны тағы белгілі. Осы тұста «Халыққа қарсы тұру, ағысқа қарсы жүзу», «Көзсіз күнелтсең де, көпсіз күнелте алмайсың» деген даналар сөзінің туралығына таңдай қағасың.

Қазақстанның Конституциясы еуропалық парламентаризм мен шығыстың дара билік үлгісінің озық дәстүрлерінен тұрады. Бас құжаттың әр бабы – үлкен ізденістің жемісі. Әрбір азамат мемлекетте өзін тең сезініп, емін-еркін қауіпсіз өмір сүретін, татулығы жарасқан қазақ елінің қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл адамзаттық құндылықтар мен өркениет игіліктерінің барлығы қамтылғанын дәлелдейді.

Заңнаманы дайындағанда қаншама өркениет-



Қуаныш МЫХАНОВ,  
Қармақшы аудандық сотының төрағасы

ті елдің Конституциясы терең сүзгіден өтті. Өз елінде уақыт сынына төтеп берген, мемлекеттің дамуына серпін болар озық құжаттардың көпшілігі таразы басына салынды. Жалпы, барлығы 20 елдің Конституциясындағы ережелер зерттеліп, жаңа Ата Заңымыздың 18 нұсқасы әзірленгені тарихтан белгілі.

(Соңы 2-бетте)

## СҮЙНІШ!

# БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

### БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

### БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

### ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!  
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!  
ІСКЕ СӨТ!



## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Мақпал МӘЛІКҚЫЗЫ, дінтанушы:

# «ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ АДАСУДАН САҚТАЙДЫ»

– Орта мектептерде дінтану сабағының енгізілгеніне де біраз болды. Бұл қандай қажеттіліктен туындады?

– Мектеп – білімнің бұлағы. Онда баланың жан-жақты, терең білім алуына ғана емес, мәдениетті меңгеруіне, өмірге деген таным-түсінігін кеңейтуге барлық жағдай жасалады. Соның ішінде діни негіздерден хабардар етудің маңызы зор. Діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Ал ислам дінінен бөлек, әлем халқы ұстанатын діндердің тарихын, тамырын білу аса қажет. Біздің елімізде жүзден астам этностар мен ондаған діни конфессиялар бар. Ислам және православие діндеріне сенетін халық саны республикада басым болғанымен, өзге діндердің де қоғамдағы ықпалы аз дей алмаймыз. Сондықтан, діннің негіздерін білім ордаларында оқыту – заманауи қажеттілік. Әрі сабақты төменгі сыныптарда емес, 9-сыныпта оқытуда да мән бар.

(Соңы 5-бетте)

ТУҒЫР

БАСТАМА

# КОНСТИТУЦИЯНЫҢ АВТОРЫ – ХАЛЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жұмыстардың басы-қасында танымал құқықтанушы ғалымдар, академиктер Сұлтан Сартаев, Юрий Басин, Салық Зиманов, Ғайрат Сапарғалиев, Майдан Сүлейменовтер жүрді. Конституцияны дайындауға атсалысқан осы заңгерлердің қай-қайсысының да лебізін тыңдау үлкен тағылым. Өздеріне жүктелген жауапты жұмысты олар халық алдындағы парыз деп санаған. Заңгерлердің Конституцияны дайындауда қалай ізденгенін, еңбектенгенін ұрпақтың есінде қалдыру міндет.

Ата Заң жалпыхалықтық референдумда қабылданды. Осы маңызды сәтке еліміз ерекше дайындалды. Дауыс берудің ашықтығы мен заңдылығын 19 елден келген мыңдаған өкіл қадағалады. Бұл күн – халыққа өз дауысының бағалы екенін ұқтырды. Сонымен бірге, мемлекеттің қай кезде де халық пікірімен санасатынына көпшіліктің көзін жеткізді.

Бас құжаттың бірінші бабында «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Яғни, Конституциядағы барлық игілік, негізгі басымдық пен артықшылық азаматтарға берілген. Ел Конституциясының қағидалары халықаралық стандарттарға толық сай келеді. Бүгінгі күнге дейін Ата Заң мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтудың және экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналды. Ең бастысы, Конституциямыз азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, оларға мемлекеттің сенімді қорған екенін терең сезіндірді. Осы сенім – азаматтардың болашаққа деген үмітін үкілеп, мемлекеттің дами беретініне кепілдік беріп келеді.

Конституция күні – мемлекеттік мереке. Ал осы мерекенің мәнін арттыру үшін Конституция күнін атап өтудің лайықты тұжырымдамасын жасау керек. Ол үшін ұлық мерекенің тарихына, маңызына көңіл бөлген жөн. Әсіресе, мектеп қабырғасынан бастап Конституцияның баптарын оқыту сауатты ұрпақ өсірудің алғышарты екенін ұмытпайық.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

## МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

**Ата Заң – әрбір мемлекеттің тірек етер алтын қазығы. Мемлекеттің бағытының түзу, бағдарының дұрыстығына Конституция кепіл болып табылады. 1995 жылдың 30 тамызынан бері Қазақстандағы тыныштық пен бейбітшіліктің, қауіпсіздік пен бостандықтың тұғырына айналған бас құжаттың ел өміріндегі маңызы зор, мәртебесі биік.**

Конституция қабылданған күн ел тарихында алтын әріптермен жазылған. Себебі, осыдан 27 жыл бұрын халық бірауыздан таңдау жасап, ортақ референдумда Ата Заңның қабылдануына үлес қосты. Осы қадамдары арқылы әрбір азамат өз дауысының маңызды екеніне, мемлекетте әр адамның өзіндік орны бар екеніне анық көз жеткізді. Әсіресе, бас құжаттағы бірінші баптың: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталуы Қазақстанды мекен еткен азаматтардың сенімін нығайтты, ертеңгі күнге батыл жоспарлар құруына жол ашты.

Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі жас конституциялардың бірі саналады. Сонымен бірге әлемнің көптеген зерттеушілерінің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі деп танылған. Бұның өзі Ата Заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Бұл құжаттың сапалы, халықтың талап-тілегіне, бітім-болмысына сай дайындалуы үшін аз еңбек жасалған жоқ. Бас құжаттың дайындалуына ерекше еңбек сіңірген ғалым, академик Сұлтан Сартаев өзінің бір естелігінде: «Алдымен 1995 жылы Конституцияның 18 жоба үлгісі дайындалды. Бұл өте күрделі кезең еді. 1995 жылдың шілде айында дайын болған Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқыға ұсынылды. Оған республикалық 53 ұйым мен қоғамдық бірлестіктер қатысып, 678 ұсыныс пен ескертпелер келіп түсті. Жалпы алғанда, елімізде 34459 талқылау ұйымдастырылып, 123717 адам сөз алды. Конституциялық комиссия 31886 ұсыныс пен ескертпені мұқият екіштеді. Жаңа Конституция тек идеалды құқықтық модель, шындыққа сай келмейтін декларациялық құжат емес, заңды түрде шешімін тапқан нақтылы механизмдер мен институттар ретінде танылды» деуі Конституцияның үлкен сүзгіден өткенін, ортақ іске барша жұрттың қатысқанын айғақтайды.

Ал «Көптің аузы дуалы», «Көптің көзі көрген», «Көптен кеңескен істе кемшілік болмайды» деген халық даналығының өзі



Сәуле АЙШОВА, ҚР Конституциялық Кеңесі аппаратының бас консультанты

бас құжаттың қаншалықты жауапты, сапалы дайындалғанына хабар беретіндей. Конституция бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді. Сондықтан құқықтық мемлекет, заңның жоғарғы мәртебелілігі, Конституцияның мызғымас беріктігі, ұлттық идеологияның негізі және түп қазығы екенін мойындауымыз керек.

Поляктың белгілі ақы, философы Станислав ЕжиЛец «Мемлекеттің Конституциясы азаматтардың құқығын бұзбайтандай болуы керек» деген екен. Осы биіктен қарағанда, біздің Ата Заңымыздың он бойы, негізгі ұстанымы азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға, мүддесіне қайшы келмеуге бағытталғанын байқамау мүмкін емес. Ата Заңның әрбір бабы мемлекеттің мерейін үстем етіп, азаматтардың азат ой, биік мақсатпен өмір сүруіне жағдай туғызған.



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

**Қазақстан Конституциялық Кеңесінің делегациясы Ұлан-Батыр қаласында өткен (Моңғолия) Азиялық Конституциялық соттар және оған теңестірілген институттар қауымдастығының V конгресіне қатысты.**

Сапар аясында Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ.Мәми Моңғолияның Ұлы мемлекеттік хуралының Төрағасы Гомбожавын Занданшатармен кездесті. Қ.Мәми Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан демократиялық өзгерістер туралы хабардар етті. Моңғолия Парламентінің Спикері парламентаралық диалогтың жоғары деңгейін атап өтті.

Моңғолия астанасында Қ.Мәми Моңғолия Конституциялық Сотының Төрағасы Чинбат Намжил мырзамен де кездесу өткізді.

Кездесу барысында Конституциялық Кеңес Төрағасы моңғолдық әріптесін Моңғолия Конституциялық Сотының 30 жылдық мерейтойымен құттықтады.

«30 жыл бойы Моңғолияның Конституциялық Соты Конституцияны қорғап, құқық үстемдігі қағидағын нығайтуда және мемлекеттегі демократияны дамытуда жетекші рөл атқарып келеді. Сізге және сіздің әріптестеріңіз-

Конституциялық Сотының 30 жылдық мерейтойымен құттықтады. «30 жыл бойы Моңғолияның Конституциялық Соты Конституцияны қорғап, құқық үстемдігі қағидағын нығайтуда және мемлекеттегі демократияны дамытуда жетекші рөл атқарып келеді. Сізге және сіздің әріптестеріңіз-

ге елдегі конституциялық заңдылық режимін бекітуде одан әрі табыстар тілеймін», – деп атап өтті, делегация басшысы.

Тараптар бір-бірін Қазақстан мен Моңғолиядағы конституциялық өзгерістер туралы хабарлар етті, сондай-ақ, конституциялық бақылау органдарының Азиялық және Еуразиялық қауымдастықтары аясындағы өзара іс-қимылдың жалпы мәселелерін талқылады.

Қ. Мәми қазіргі уақытта Моңғолияның Конституциялық Соты жүзеге асырып жатқан Азия қауымдастығы төрағасының жоғары миссиясының маңыздылығын атап өтіп, конгрестің табысты өтуіне тілектестік білдірді.

Өз кезегінде, Чинбат Намжил Қазақстан Конституциялық Кеңесінің 2019–2021 жылдары қауымдастыққа табысты төрағалық еткенін атап өтіп,

конституционализм қағидаттарының бекіту саласындағы ынтымақтастықтың одан әрі жалғасатынына сенім білдірді.

Конгресс жұмысына Өзірбайжан, Бангладеш, Индонезия, Корея, Қырғызстан, Малайзия, Мальдивтер, Мьянма, Моңғолия, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Өзбекстан және басқа елдердің конституциялық әділет органдарының делегациялары қатысты.

ҚР КК Баспасөз қызметі

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

## GOVMOBILE ҚОСЫМШАСЫ КӨМЕГІМЕН ҚОЛ ҚОЮҒА БОЛАДЫ

**EGov mobile мобильдік қосымшасын пайдаланушылар енді Сот кабинетінде құжаттарға қол қоя алады.**



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ұжымы мемлекеттік қызметтерді алу үдерісі әлдеқайда жеңіл және жылдам өтуі үшін мобильдік қосымшаның функционалы мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс жасауда. Бүгін біздің мобилдік қосымшаны пайдаланушылар үшін тағы бір мүмкіндік туды – Сот кабинетінде құжаттарға eGov QR көмегімен үйден шықпай-ақ уақыт үнемдеп, қол қоюға болады. Бұндай мемлекеттік қызметтерді алу ел тарихында әлі болған емес. Бұны eGov mobile мобильдік қосымшасының қарқынды дамуы деп санаймыз», – дейді басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин. Оның айтуынша, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін eGov mobile пайдаланушылары: қосымшада авторизациядан өту керек (егер бұрын авторизациядан өткен болса, қосымшаға Face ID, Touch ID немесе қысқа кодтың көмегімен кіру қажет). Сот кабинетінде қол қою түрін таңдап («QR көмегімен қол қою»), eGov mobile басты бетінің оң жақ жоғарғы бұрышында «ақ шаршыға» басып, eGov QR сканерлеп, қол қояды. Өтінім сәтті өңделген кезде ұялы телефон экранында «Өтінім беру сәтті аяқталды» деп көрсетіледі.

Egov mobile мобильдік қосымшасының жаңа нұсқасы iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасында, сондай-ақ, Android жүйесінің пайдаланушыларына Play Market және App Gallery қолжетімді.

Қазіргі уақытта eGov Mobile мобильдік қосымшасында 400-ге жуық мемлекеттік қызмет бар. Оның 150-і eGov.kz порталында, 250-і жеке тұлғаларға e-license порталында көрсетіледі. Ай сайын қосымшаны шамамен 2,4 млн қазақстандық белсенді пайдаланады және айына 50 мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АШЫҚТЫҚ ӘСКЕР БЕДЕЛІН КӨТЕРЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда, арақидік болса да әскери сала мен қорғаныс жүйесіне қатысты түрлі сын пікір, арыз шағымдар қарапайым халық тарапынан айтылып қалады. Тұтас бір мемлекеттік жүйеге болмаса да, республикадағы белгілі бір аймақтарда орналасқан әскери бөлімдерге қатысты көңіл толмаушылықтар байқалады. БАҚ беттерінде ол ақпараттар жұрт назарына ұсынылып жүр. Соңғы кездегі теріс репутация мен әртүрлі келеңсіз жағдай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың назарына ілігіп, Президент тарапынан нақты тапсырмалар да берілді. Қазіргі таңда елдің күштік құрылымдары қайта жасқалып, кадрлық резервтері білікті мамандармен толықтырыла бастады. Техникалық мүмкіндіктері мен әлеуметтік статустары да жағарылады. Қазақстан Қарулы Күштерінің беделін қайта көтеріп, тәуелсіз жас мемлекеттің тірегіне айналдыру әрбір белсенді қазақстандық азаматтың Отан алдындағы міндеті. Сондықтан да, әскери сала бүкілхалықтық бақылауда болып,

артық кемі мен жетістік жақсылығы сараланып отыруға тиіс. Осы тұрғыда бізде бүгінгі бірнеше жастан Қазақстан әскері туралы пікір сұрадық. Әскерге барғысы келетін-келмейтінін білдік:

**Дәулет, студент:**

– Әскерге барып Отан алдындағы борышымды өтеуге қарсы емеспін. Соңғы уақыттағы жағдайлар, әрине ойландырады, бірақ бармай тұрып бір нәрсе деу қиын.

**Жарқын, студент:**

– Менің жеке өз басым әскерге барғым келеді. Себебі, ол әр азаматтың өз Отанының алдындағы борышы деп білемін. Екіншіден, әскерге барғанда өзімізге көбірек мүмкіндіктер болатындығын ұмытпаған жөн, әскерге барып келген жастарға мүмкіндік мол. Мәселен, олар сол қызметін одан әрі келісімшартпен жалғастыра беруге болады, әскери қызмет – әскери баспана, жеке баспанаға мүмкіндік, тұрақты айлық жалақы, отбасының күн көрісі, ата-анаға көмек. Әскери билет қатар-

ластарының арасында бедел, статус қой. Денсаулығы кеп тұрса кез келген замандасымның әскерге барғаны дұрыс.

**Талап, мұғалім:**

– Бұл мәселе төңірегінде мен бейтарап көзқарастамын. Бару керек, Отан алдындағы борыш, әскери өмір мен тәртіп. Өмір болған соң сан түрлі тағдыр бар, жалғызбасты аналар тәрбиелеген баланы сол әскер пісіріп шығарады, бір сөзбен айтқанда қиындыққа бейімдеп өсіретін кезең. Әкесіз өскен, әке қаталдығын көрмеген балаларға кейде теріс әсерін беріп жататын жайттарды жасыра алмаймыз. Ал, жалпылама алғанда жігіттің бір борышы. Баланы әскерге отбасында даярлау керек. Үйінде бізді қорғайсың, еліңді қорғайсың деп айтып отырса ол бала соған психологиялық тұрғыда дайын жүреді. Уақыты келгенде ешқандай қашып, әртүрлі сылтау іздемейді.

**М.ҚҰРМАНБАЙ,  
Ғани ЕРКІНҰЛЫ**

## МАМАН ПІКІРІ:

**Амангелді ҚҰРМЕТҰЛЫ,  
журналист, әскери сарапшы:**

### «Қорғаныс саласы әділ, таза болуы керек»

– Тәуелсіз ел әскеріне қатысты теріс пікірлер қайдан туындайды? – Тәуелсіз ел әскеріндегі әртүрлі келеңсіздіктерді, оның ішінде суицид дегенді қоғамнан бөліп қарастыруға болмайды. Өкінішке орай, соңғы жылдарға дейін БАҚ қызметкерлері Қазақстан суицидтен алдыңғы қатарда деп насихаттап келді. Ал, шын мәнінде өткен көктемде іздеп, қарап, зерттеп көргенімізде көптеген халықаралық ұйымдардың суицидке қатысты зерттеулерінде Қазақстан деңгейі, дәлірек 2008–2010 жылдарға қарағанда жасөспірімдер мен ересектер арасындағы көрсеткіш біршама азайған. Бұл мәселе зерттеліп, түбегейлі сарапталып анализ жасалу керек.

Өз басым, бірінші кезекте қарулы күштер құрамына психологиялық тұрғыда әлсіз, суицидке бейім адамдардың өтіп кетуіне жол берген медициналық комиссиядағы психолог мамандарының біліктілігіне назар аударған жөн деп ойлаймын. Сөздің ашығын айтар болсақ, қанша білікті психолог болса да психологиялық әлсіз адамды бірден анықтау қиын, дегенмен олардың санын азайтуға белгілі бір шара қарастырылғаны жөн болар. Сонымен қатар, қоғам әскердегі кез келген келеңсіз жайтты ауыр қабылдайды, айқайға салып жататын кездер де болады. Бәлкім осының салдарынан жас сарбаздардың санасында қорқыныш ұялауы мүмкін, армияға қатысты түрлі стереотиптерден ескеніп баруы мүмкін. Екіншіден, қоғамда түрлі негатив стереотиптер бар, сол стереотиппен өмір сүретіндер әскерге барғанда қиналып қалуы ғажап емес. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынасы дұрыс жүйеге қойылмаған жастар баратын болса кірігіп кетуі қиын болады. Кілең еркектерден құралған ортада бір-біріне үстемдік көрсетуге тырысатыны сөзсіз.

Өкінішке орай, бұл салада күш құрылымдарының, соның ішінде әскердің көптеген мәліметтерді құпия ұстауға тырысатын жабық құрылым екенін ескеру керек. Аталған салаларға азаматтық саланың бақылау жасауы қиын болғандықтан, осыны пайдаланып әлім-жеттік, буллинг жүзеге асырылатын секілді. Сондықтан өз басым әскердегі келеңсіздіктер азайуы үшін қоғамдық бақылауды күшейткен дұрыс.

– Қорғаныс министрлігінің, жалпы әскери жүйенің беделін көтеру жолдары қандай?



– Бұл жерде қоғамдағы тұтас наразылық пікірдің өршуі кері әсер етуде. Екіншіден, қарулы күштердің көптеген мәліметтерді жасырын ұстап, қоғамдық бақылауға көнбейтін құрылым екенін дәлелдегені себеп. Үшіншіден, халықаралық аренадағы жағдайлардың да әсері бар. Айталық, Ресей мен Украина арасындағы соғыс, Қарабақтағы соғыс және ол жақта қолданылып жатқан техникалардың ерекшелігі, біздің қоғам белсенділерін де алаңдатады. Яғни, қарулы күштерге деген сенімсіздік осылардан бастау алып бүгінгі күнге дейін күшейіп келеді. Сонымен қатар, қарулы күштер деген кезде қорғаныс министрлігіне қарасты құрылымдар, ИІМ қарасты ұлттық ұлан, ҰҚК-нің шекара қызметін ескеру керек, осы салалардың әскери бөлімдері бар. Ал әскери бөлімдерде әлі күнге дейін әлім-жеттік бар, жарамсыз техникалардың көзге түсіп қалатыны бар, соңғы үш жылда болған соңғы екі ірі жарылыста Қорғаныс министрлігіне деген көзқарасты нашарлатты.

Жалпы, әскердің беделін көтеру, қорғаныс министрлігінің беделін көтеру мәселесіне келер болсақ, аталған құрылымдар мейлінше ашық жұмыс істегендері абзал. Белгілі бір мемлекеттік органның беделін арттыру емес, ең алдымен сапалы жұмыс істеулерін басты назарда ұстаған дұрыс.

Қарулы күштердің қандай екені, қоғамдағы орны ел басына күн туғанда ғана белгілі болады. Ақпан айында Ресей Украинаға шабуыл жасаған сәтте, Украина әскері қолдарындағы ескі техникамен тойтарыс беріп, қарсылық жасады. Айталық, кеңес армиясының С-125 зенитті ракетасын Украина әскері пайдалана алды, тағы сол қатарлы ескі техникаларды пайдаланып, сарбаздардың біліктілігі соғыстың алғашқы үш айында нақты көзге түсті. Міне, осы себепті әскерге деген көзқарас бейбіт күнде емес, өкінішке қарай ел басына күн туғанда белгілі болады.

Сондықтан бейбіт күнде әскердің беделін көтеруді емес, керісінше әскерді жарақтандыру деген мәселені алға тартқан дұрыс. Өкінішке қарай, Қазақстан қоғамында қарулы күштерді жарақтандыру саясатына қарсы шығатындар, оны белгілі бір топтар өз лоббиніне пайдаланып кететін сәттер кездеседі. Екіншіден, жоғарыда айтқан аталмыш сала барынша ашық түрде жұмыс істеуі керек. Меніңше әскердің беделін көтеру үшін осындай кем-кетіктерді ескеру керек.

МӘСЕЛЕ

Қазіргі таңда әскерде жұмбақ жағдайда қайтыс болған төрт сарбазға қатысты қылмыстық іс қозғалғаны белгілі болып отыр. Мәселен, осы жылдың 2 наурызында Жамбыл облысындағы «Андас батыр» заставасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қатардағы жауынгері Ұлықбек Бердішов жоғалып кетті. Жоғалған сарбаздың мүрдесі іздеу жүргізілген өз еліміздің Жамбыл, Қызылорда және Алматы облыстарының аумағынан емес, көрші Қырғызстан жерінен 40 күннен кейін табылды. Жас жігіт өзін-өзі бөлбеумен асқан деген болжам айтылды. Алайда марқұмның туыстары бұл мәлімдемемен келіспеді. Қылмыстық істер бірден екі елде басталды.



## САЛДАРЫМЕН ЕМЕС, СЕБЕБІМЕН КҮРЕСУ МАҢЫЗДЫ

Сол секілді, 22 сәуірде ҚР Қарулы Күштері қатарында бірнеше күн қызмет еткен 18 жастағы Әлібек Қалбай құрылыста қаза тапты. Марқұмның туыстары мәлімдеуінше марқұмды әріптестері тарапынан қорлау ықтималдығы жоққа шығарылып, ботқадан уланған болуы мүмкін деген жорамал айтылған еді. Алайда, көп ұзамай бұл істе күдікті пайда болды. Ішкі істер министрлігі Оңтүстік өңірлік әскери-тергеу басқармасының ведомствоаралық жедел-тергеу тобы Жамбыл облысының Гвардейский қалалық үлгідегі кентінде осы қылмысқа күдіктіні ұстады. Прокуратура оны марқұмның әскерге бірге шақырылған әріптесі екендігін мәлімдеді. Қадағалау органының деректері бойынша, күдіктінің айқындалуына күздің айақтары мен сот-медициналық сараптаманың нәтижелері негіз болды. Материалдар күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру үшін сотқа жіберілді. Күдіктінің іс-әрекеті адамның өліміне әкеп соққан жарғылық ережелерді бұзу ретінде сараланады.

Шекара қызметінің әскери бөліміне қызметке шақырылған 19 жастағы Еділ Тешебаев та кенеттен қайтыс болды. ҚР ҰҚК-де Еділ Тешебаев отбасылық күйзелістерге байланысты әскери бөлімде өз-өзіне қол жұмсады деп түсінік берді. «Алдын ала ақпарат бойынша, өзіне-өзі қол жұмсаудың себебі әскери қызметпен байланысты емес, отбасылық проблемалар екен», – деп хабарлады ҰҚК баспасөз қызметі.

Әркімнің маңдайына жазылған ғұмыр бар десек те, әскерге кеткен жастардың осылайша жұмбақ жағдайда ажал құша беруі дабыл қақтырып, мемлекеттік деңгейде нақты шаралар қабылдауды қажет ететін төтенше жағдай. Мәселенің өзектілігі Парламент Сенатында өткен үкімет сағатында айтылып көтерілген болатын. Онда сенатор Дана Нұржігіт патриотизм, әскери міндет – Отан алдындағы борыш екені, оны өтеу ер-азаматтықтың шынайы бейнесі ретінде насихатталатынын, алайда әскердегі жағдай бұл парызды лайықты орындауға ынталандырмайтынын айтып, құзырлы орындарға орынды базына жасаған еді. «Әскери прокуратура «ынталандырушы» мәтіндерді жариялайды, онда «әрбір азаматтың өз елін қорғау қажеттігі конституциялық міндет» екенін айтып, азаматтарды саналы болуға шақырады, қоғамнан әскерге шақыру науқандарына түсіністікпен қарауды сұрайды. Алайда, жағдайды көріп, біліп отырғандар бұл сөзді қалай қабылдауы мүмкін? Бейбіт заманда баласының 200 келі жүк болып оралуын кім қалайды?» деген болатын сенатор ханым. Бұл әділ сұрақ.

Алайда, Бас әскери прокуратура өкілдері мұны теріске шығарады. Олардың айтуынша, «тіркелген суицид жағдайларының 90 пайыздан астамы қылмыстық емес және негізінен отбасылық, қаржылық проблемалармен, қызметтің қиындықтарына төзбеушілікпен, әскери ортаға бейімделе алмаумен байланысты. ҚР Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов мерзімді қызметтегі сарбаздардың өзін-өзі өлтіру оқиғаларының себептерін түсіну керек дейді. Ол да бұл ретте армиядағы тәртіпті себеп еткісі келмейді. «Әскери қызметшілердің өмірі үшін жауапкершілік командирге жүктелгені түсінікті, бірақ адам пісіп-жетіліп, азаматтық қоғамнан келді. Өз мәселелерімен келді. Әскер – қоғамның бір бөлігі. Осыған байланысты жұмыс тобын құрып, өлім құшу мен жарақат алудың себептерін жан-жақты зерделеу керек. Әскердегі өлім-жітімді жоюдың барлық шаралары қабылдану керек» деп еді журналистің. Командирлердің уәжі де осы тақылтетес. Олардың айтуынша, барлық казармаларда бақылау камералары тұр. Мұнымен қоса жеке құрамдар жіті тексеріліп, сарбаздардың денесінде қандай да бір соққыдан пайда болатын дақтардың бар-жоқтығы тексеріліп отырады. Сарбаздардың аналарының айтуынша, бүгіндегі әскерілердің өлімінің себебі – әлім-жетілік, «жәбірлеумен офицерлер мен келісімшартпен қызмет ететіндер айналысады» дейді сарбаздар аналары комитеті төрайымының орынбасары Ангелина Старова. Сарбаздарға тек қолқапты телефон ұстап, отбасына аптасына бір рет қана қоңырау шалуға рұқсат берілген. Әскери бөлімге ата-аналарға да, журналистерге де, белсенділерге де кіруге рұқсат берілмейді. Старова ханым қоғамдық бақылау жарғыдан тыс әрекеттерді жоюға ықпал етер еді деп санайды. Екіншіден жас сарбаздарды келісімшартпен қызмет ететіндерден бөліп, олар өз алдына бөлек казармаларда орналастырылса, жағдай көп жақсарар еді деген ойда.

Әскери сарапшы Ермек Сейітбатталовтың айтуынша да тиісті бақылау мен қадағалау қажет. Осындай тәртіптің жоқтығы қайғылы оқиғалардың жүйелі сипат алуына әкелуде. Әлім-жеттік қызметтің мерзіммен өтеушілердің де, келісімшартпен жұмыс істеушілердің де арасында болып жатыр. Біртіндеп мұндай әрекеттердің орын алуы барлығы кадрлардың деңгейіне байланысты. Сондықтан әскери институттар мен командирлерді тексеру керек. «Бұл офицерлік кадрлар, мерзімдік және келісімшартпен қызмет етушілерге қатысты. Сарбаздар әскерде үш кезеңнен өтеді. Біріншісі – бейімделу. Бұл кезеңде командир бақылап, өзінің талаптарын айтып, түсіндіру керек. Екінші кезеңде, ұйымдарға кіру басталады. Ол кейде белсенді, кейде баяу болады. Бұл уақытта бастықтар тәрбиелеп, үйретіп, сарбазды өзімен бірге алып жүру керек. Байқағанымдай, қазір командирлер өз бетімен жүреді. Сарбаздармен араласпайды. Үшінші кезеңде, командир-басшымен жақсы қарым-қатынас қалыпташу керек» дейді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскердегі бұл жағдайға назар аударып, әскери қызметшілер арасында жарғыға қайшы әрекеттерді жою, жағымсыз құбылыстарға жол бермеу мақсатында Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Гизат Нұрдуллетов басқаратын арнайы комиссия құруды тапсырды. Мұндай жағдайға жол берген офицерлерге қатаң жаза қолданылатыны жайлы мәлімдеді. Бүгінде осы тапсырмаға орай Қорғаныс министрлігі арнайы бағдарлама түзуге кірісіпті.

**А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»**

БІЛГЕН ЖӨН

# ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ БОЙЫНША КЕЛІСУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

**Республикамыздың еңбек заңнамасы Конституция мен Еңбек кодексінен, өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.**

Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы Конституцияның 24-бабында көрініс тапқан. Ата Заңмен әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітудің сыйақы алуына, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу, тынығу құқығы танылып, жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі. Яғни, әрбір азамат жалдамалы еңбек, жеке еңбек, мемлекеттік қызмет сияқты алуан түрлі нысандарда Конституцияда көзделген құқықтарын жүзеге асыра алады.

Еңбек дауы дегеніміз – еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек немесе ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер.

Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылады және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Қолданыстағы Еңбек кодексіне сәйкес келісу комиссиясының келіспеушіліктерді қарауы міндетті кезең болып табылады. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 8-бап 6-тармағына сәйкес, дауды сотқа дейін реттеу тәртібі белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады.

Сондықтан, келісу комиссиясымен шағын кәсіпкерлік субъектілерін, үй жұмыскерлерін, заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын және заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының, сондай-ақ, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының басқа да мүшелерін қоспағанда, Еңбек кодексіне көзделген еңбек шарттарынан, ұжымдық шарттардан және жұмыс берушінің актілерінен туындайтын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері жөніндегі жеке еңбек дауларын қарайды. Ал реттелмеген мәселелер бойынша не келісу комиссияларының

шешімдері орындалмаған кезде ғана соттар қарайды.

Ескеретін жайт, жұмыскерлердің жекелеген санаттарының, оның ішінде әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілер еңбегі Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жеке еңбек дауларын келісу комиссияларының қарауы мүмкіндігі көзделмеген.

Келісу комиссиясы заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларымен және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлерімен дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларының барлық түрлерін қарайды.

Оның мүшелері еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында патуға қол жеткізу дағдыларын дамыту бойынша жыл сайын оқудан өтуге міндеттелген.

Еңбек кодексіне жұмыс беруші мен қызметкерлердің өкілдері жазбаша келісімде немесе келісім комиссиясына қатысты ұжымдық шартта мыналар: сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі, шешім қабылдау тәртібі және келісім комиссиясына делдалды тарту туралы мәселелер анықталуы қажет.

Тәжірибеде мұндай тәртіпті қажет ететін еңбек дауы туындамаса, жұмыс берушілер келісім комиссиясын құруға асықпайтын көрінеді. Дау туындаған жағдайда ғана жұмыс беруші келісім комиссиясын құруға бастама жасап, келісімдер әзірлейді және онда қызметкерлердің өкілдерімен келіседі, өз өкілдерін тағайындайды және қызметкерлерге келісім комиссиясының мүшелері ретінде қатысу үшін өз өкілдерін таңдауды ұсынады.

Негізінде, еңбек шартының кез келген тарапы келісім комиссиясын құру немесе ұжымдық шартқа өзгерістер енгізу туралы келісімдер дайындай алады.

Еңбек кодексіне сәйкес кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары қызметкерлердің өкілдері, ал олар болмаған кезде қызметкерлердің жалпы жиналысында жұмыскерлердің кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік дауысымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер қызметкерлердің өкілдері болып табылады.

Сол себепті, әр ұйым бұл мәселені қызметкерлер санына, құрылымына, ұжымдық шарттың ішкі ережелеріне байланысты жеке шешуі керек.

Келісу комиссиясына түскен өтініші

қарау тәртібіне тоқталсақ, келісу комиссиясына келіп түскен өтініштер берілген күні міндетті түрде тіркеледі.

Келісу комиссиясына жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін мерзімдер белгіленген. Жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл мерзім белгіленген.

Заңда өткізіп алған арыз беру мерзімін келісу комиссиясының қалпына келтіру құқығы алып тасталмаған. Дегенмен, мерзімді өткізіп алу келісу комиссиясының арызды даудың мән-жайлары бойынша талқыламай қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығаруы үшін дербес негіз бола алады.

Келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Дау өтініш берушінің (өкілінің) қатысуымен қаралады. Өтініш берушінің жазбаша келісімі болған кезде дауды оның қатысуынсыз қарауға жол беріледі. Комиссияның дауды белгіленген мерзімде реттемеуі сотқа жүгіну үшін негіз болып табылады.

Дау қаралғаннан кейін келісім комиссиясы үш күн мерзімде шешімнің көшірмесін екі тарапқа да беруге тиіс. Келісу комиссиясының шешімі, жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

Жұмыскер бұрынғы лауазымына қайта алынған кезде жұмыс беруші жұмыскерге жұмыстан шеттетілген барлық уақыты үшін орташа жалақы немесе жұмыскер төмен ақы төленетін лауазымға ауыстырылған уақыт үшін, бірақ 6 айдан аспайтын уақыт үшін жалақыдағы айырма төлеуге тиіс.

Егер жеке еңбек дауының тарабы келісу комиссиясының шешімімен толықтай немесе оның бір бөлігіне келіспейтін болса, дау реттелмеген болып есептеледі және келісу комиссиясының шешімімен келіспейтін тарап келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайдағы сияқты, еңбек дауын шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

**Е.ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
Хромтау аудандық сотының судьясы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

БІР МҮДДЕ

«Әділдік жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігімен бірлесіп 2022 жылғы 15 тамызда республика бойынша «Әділдікті талап ет!» атты ауқымды науқанын бастады. Оған Қазақстанның кез келген азаматы қатыса алады.



## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НАҚТЫ ҚАДАМ

Науқанның басты мақсаты – қоғам арасында жемқорлыққа төзімсіздік ортасын қалыптастырып, бұл үрдіске ел азаматтарын барынша жұмылдыру. Аталмыш іс-шара жемқорлықтың болуы немесе орын алуы мүмкін деген, қоғамды алаңдата-тын мәселелердің кең ауқымын кезең-кезеңімен қамтитын болады.

Бірінші кезеңде автожол саласындағы мәселелерге тоқталып, жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға назар аударылады.

2022 жылғы 14 шілдеде Акіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жол салу саласында сыбайлас жемқорлыққа бейімділік көрсеткішінің жоғары екенін атап өтіп, елімізде жол салу барысында 10 жыл ішінде болған бұзушылықтарды мұқият тексеруді тапсырған. «Еліміздің жолдары нашар екені және жол құрылысы саласын жемқорлық жайлағаны ешкімге жасырын емес. Жалпы, бұл салада қордаланған мәселе көп. Жолдың нашар сапасына қатысты бар барлық кінәлілерді заңға сәйкес жауапкершілікке тарту қажет», – деді Қ.Тоқаев.

Қазақстанда бұл сала сынан көз ашпай жатқаны анық. Сапасыз жолдар – жол-көлік апаттарында талай адамдардың қайтыс болып, жарақат алуларының себебі болып табылады. 2021 жылы автожол саласына 500 млрд тт. шамасында қаржы бөлінген. Сонымен қатар, осы жылы 14 000 жол-көлік апаты тіркеліп, онда 2000-нан аса адам қаза болып, 18 000 адам жарақаттанған. Бұл дегеніміз – 20 000 бұзылған тағдырлар! Жол сапасының бұл жағдайға қатысы бар екені анық.

Сапасыз жолдар – адамдардың өміріне қауіп төндіретін жол апаттарының, тасымалмен айналысатын бизнес-қауымдастығының өзекті проблемасы болып отыр. Жалпы, транспорт жүйесі – ұлттық экономика үшін маңызды деп саналатын еліміздің инфрақұрылымы. БӨФ Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің көрсеткішіне сәйкес жол сапасы жөнінен біздің ел 138 орынның 108-ші орнында орналасқан.

Биыл 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ. Автожолдарды салу жобаларының барлық кезеңдері жемқорлық тәуекелдеріне бейім. Тек мемлекет пен азаматтардың бірлескен күшімен ғана, қоғамды барынша жемқорлыққа қарсы күресте жұмылдыра отыра, бұл зұлымдыққа төтеп бере аламыз.

Азаматтар науқанға Adildik.kz веб-сайты арқылы қосылып, 1463 Call center бойынша Қазақстан автожолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты 15 тамыздан бастап хабарлай алады.

Келіп түскен барлық ақпарат қалың жұртшылықты жұмылдыра отыра, жергілікті және республикалық «Әділдік кеңесі» атты жиында талқыланады. Сонымен қатар, салалық нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында және уәкілетті органдарға сындарлы ұсыныстар ұсынылатын болады.

Науқанның қорытындысы, сонымен қатар бірлестік қызметінің нәтижесі биылғы жылдың аяғында өтетін Жемқорлыққа қарсы форумда жарияланып, науқанға белсенді қатысқан азаматтар «Әділдік жауынгері» мәртебесіне ие болады.

Бей-жай қарамайтын барлық азаматтар аталмыш науқанға қосылып, елімізді толыққанды дамытуға жол бермей келе жатқан жемқорлардың «арқасында» жемқорлықты қабылдау индексіне сәйкес 180 дүниежүзі елдері арасындағы 102-орынды ұстап отырған жемқорларға қарсы күресте белсенділік танытуға шақырамыз.

Жемқорлықты бірге жеңейік!  
Әділдіктің жауы – бейқамдық!  
Бейқам болма, әділдікті талап ет!

Р. НАРБЕК

ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНА –30 ЖЫЛ

## АЙШЫҚТЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

**Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әділет саласына да өзге құрылымдар секілді үлкен жүк артылды. Өзінің отыз жылдық тарихында Қазақстанның әділет саласы талай кезеңді өлмен бірге өткерді, дамыды, түрленді, жаңарды, өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, жүйе бағытын озық салалар қатарына көтерді.**

Азаматтық қоғамның алғашқы институттары да, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар жұмысы да әділет саласымен тығыз қарым-қатынаста дамыды, жұмысын жүргізді. Заманауи демократиялық мемлекет саясатында елдің әділет жүйесі халықаралық стандарттарға арқа сүйеді, тәжірибе жинақтады, әлемдік аренада ел беделін қорғады. Мемлекеттік қызметтің құқықтық әрі әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуін қадағалап, мемлекеттік ұйымдар мен лауазымды, қарапайым азаматтардың қызметінде заңдылық орнатып, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылмауын бақылады.

Заң актілері мен заң жобаларын үйлестіру, жүйелеу, орта және жергілікті мемлекеттік органдардың нормалық құқықтық актілерін тіркеу және бақылау, заңдарға құқықтық насихат,

халықпен байланыс орнату, құжаттандыру ісін заң талаптарымен атқару, халықаралық құқық мекемелерімен тікелей байланыста жұмыс істеу, ішкі қауіпсіздік пен ішкі әкімшілік, әділет салаларын аттестациялау секілді жұмыстарды отыз жылдың ішінде абыроймен атқарып келеді. Осындай ұлы мұрат, абыройлы істің басы қасында Жетісу облысы Панфилов аудандық әділет басқармасының қызметкерлері де жүр. Халықтың құқықтық сауатын көтеру – заң институттарының жаңалықтары бөлісу, зияткерлік меншік құқығы саласындағы құқықтық мәселелерді түсіндіру, мемлекеттік және өзге ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттырумен байланысты. Заң актілеріне ресми түсіндірме беру; заңдарды жетілдіру; нормативтік-құқықтық актілердің жобасын әзірлеу, сот сарапшы-

ларына заңда белгіленген тәртіппен лицензиялар беру; халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету және шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру; бөлімшелер мен өкілеттіктерді есептік тіркеу, сондай-ақ, заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және бөлімшелер мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу секілді көптеген жауапты жұмыстарды Панфилов аудандық әділет басқармасы асқан жауаптылықпен атқарып келеді. Жергілікті Әділет органдарының мамандары халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетіп келеді. Отыз жылда аудандық әділет саласында білікті кадрлар қалыптасты. Тәжірибелі мектеп орнықты, қарапайым азаматтарды құқықтық сауаттандыру мәселесінде білікті мамандар жоғары бағаға ие болып, халықтың ықыласына бөленіп жүр. Мемлекеттік іс-жүргізу мен құқықтық қызмет көрсетуге қатысты сауалдармен келген көпшілік барлық уақытта әділет мекемесінен қолдау тауып, дер мезгілінде көмек ала алады.

Панфилов аудандық әділет басқармасының аталмыш бағыттарда атқарған шаруалары сансыз. Мәселен, жақында мекеме

қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ҚР Әділет органдарының 30 жылдық мерекесіне орай, Райымбек ауданының ауылдық округі әкімдік қызметкерлеріне «Зияткерлік меншікті қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. ҚР «Зияткерлік меншік мәселелері бойынша» заңнамалық актілермен және «Авторлық құқық пен аралас құқықтар туралы» заңымен таныстырып, заң төңірегінде талдаулар жүргізді. Жиын барысында одан бөлек, «ҚР Патенттік» заңы, «Тауар белгісі, қызмет ету белгілері және тауарлардың шыққан жерлерінің атаулары туралы» заңдармен қоса, Әкімшілік, Қылмыстық кодекстерде зияткерлік меншікке қатысты құқық бұзылса енді әкімшілік және қылмыстық жазалар тағайындалатыны жөнінде айтылды. Аудандық әділет басқармасында «Әділет кеңес береді» акциясы да тұрақты түрде жүргізіледі, құқықтық сұрақтар бойынша тегін кеңестер беріледі. Әділет саласын бұдан да қомақты міндет, ел алдындағы үлкен жұмыстар күтіп тұр. Мәртебелі міндетті мінсіз атқару әділет саласындағы әрбір қызметкерге абыройлы парыз.

**Қ. РОЗЫБАКИЕВ,  
Панфилов аудандық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жаста балалардың сараптау, таразылау қабілеті жетіледі. Өзіндік ой, ұстанымы қалыптасады. Сәйкесінше, діни сауаттылықтың болуы жасөспірімдерді адасудан сақтайды.

– Жалпы, балалардың дінге қызығушылығы қандай?  
– 9-сыныпта 14-15 жастағы балалар оқиды. Бұл жас балалар-



Мақпал МӘЛІКҚЫЗЫ, дінтанушы:

# «ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ АДАСУДАН САҚТАЙДЫ»

дың барлық нәрсені білсем, көрсем дейтін кезі ғой. Лапылдап тұратын, еліктеуге бейім шақтары. Мұндай кезде түзу жол көрсетіп, балаларды қателіктен сақтандыру аса маңызды. Байқасаңыздар, осы жасында балалар мешітке барып, намаз оқуға, ораза ұстап, уағыз тыңдауға қызығып жатады. Енді өмірін бастағалы тұрған жастар теріс ағымдар жетегінде кетпес үшін мектеп, мұғалім, ата-ана бірігіп пәрменді жұмыс жүргізулері керек. Діни сауаттылықты арттыруда негізгі пәннің де көмегі көп.

– Дінтану сабағына қажетті оқулықтар бар ма?

– Мектеп бағдарламасына кейінгі жылдары енгізілгендіктен Дінтану негіздері бойынша дайындалған кітаптар көп емес. Діни әліппелердің көпшілігі мектеп балаларына бағытталып жазылмаған. Ғалым Ғарифолла Есімнің жетекшілігімен жарыққа шыққан «Дінтану негіздері» оқулығы басты бағдарымыз. Сонымен бірге, жоғары оқу орындарында дәріс оқып жүрген дінтанушы ғалымдардың еңбектерін де сабағымызға жиі пайдаланамыз. Бұдан бөлек, діни сауаттылықты көтеретін бейнероликтердің, имандылыққа үндейтін бейнедерістердің пайдасы орасан. Сонымен қатар, жат ағымдар жетегінде жүріп жақындарынан жеріген, қиыс әрекеттерге барып темір торда отырған жандардың өкінішке толы өмірін көрсету арқылы балалардың ойлануына мүмкіндік берудің де оң нәтижесі бар.

Діни сауаттылықта үстемді қарауға болмайды. Оның салдары қандай болатынын Сириядағы жағдай анық көрсетіп берді. Санасы шырмалған жастарды туған жерінде де, өскен ұя, ата-ананың да ұстап тұра алмайтынына сол кезде анық көзіміз жетті. Бұл ұлттық идеология, діни сауаттылықты үнемі назарда ұстау керектігін көрсетіп отыр.

– Қазір ақпараттар ағынына тосқауыл қою мүмкін емес. Ғаламаттардың шексіз мүмкіндігін пайдалана отырып діни сауаттылықты көтеретін жандар жоқ дей алмаймыз. Осы ретте балаларды жат ағымдардан сақтау үшін не істеген жөн?

– Дінтану негіздері пәнін енгізудегі негізгі мақсат та балаларды теріс ағымдардан сақтауға бағытталған. Бала деген сөмбі тал секілді. Былқылдап өсіп келе жатқан нәзік тал жел қалай соқса, солай қарай қисаяды. Теріс ағымдағылардың көздегені де осы. Әлі оң-солын танымаған жастар олардың уағзына тез сенеді, айтқанына көнеді. Ал дінтану негіздері пәні – дінді қалқан етіп, жымсысқа ойын жүзеге асыратындарға қарсы қолданылатын иммунитет іспеттес. Балалар бұл пәнді оқи отырып діннің тарихын, мақсатын, мәнін ғана меңгеріп қоймайды. Мұндағы ең басты ұстаным – оқушылардың діни сауаттылығын жетілдіру. Дәріс барысында балалар «дін, діндер деген не, олар қалай пайда болды, әлемдік діндер, дәстүрлі діндер деген не, дін еместер мен діни ағымдар дегеніміз

не?» деген сауалдарға толық жауап алады. Мәселен, оқулықта сырттан келіп жатқан діни ағымдардың барлық мінез-демелері ашып көрсетілген. Алдымен біз осылардың дін немесе дін емесін үйретеміз. Айталық, ислам, христиан, буддизм – дін. Енді бұлармен қоса кейбір діни ағымдар да бар. Оның астарында саясат және өзге де мақсаттар жатады. Біз содан жас ұрпақты сақтап қалуға тиіспіз. Арнайы бағдарлама мен оқулық және ұстаз дәрісінің көмегімен оқушының дінге қатысты сауалдарды сұрыптап, негіздеп алуы оңай. Сонымен бірге, дәріс барысында ғаламтордағы ақпараттарды саралау, сараптау әдістері үйретіледі. Жазылған дүниенің шындығына көз жеткізу, жоқ пен барды таразылау үшін балалардың сыни ойлау қабілетін дамытуға басымдық беріледі.

– Қоғамда ең жиі, ең өткір талқыланатын мәселенің бірі хиджаппен байланысты. Былғыз жылы да бұл тақырып айтылмай қалмады. Тіпті, кейбір азаматтар мектепке еркін формамен барған дұрыс деген пікірде. Сіздің ойыңыз қандай?

– Мектеп формасын кию – оқушыларға қойылатын ортақ талап. Бұл барлық балаларға мектептің маңызын сезіндірудің бір мүмкіндігі. Әрине, қоғам болған соң онда түрлі ұсыныстардың айтылуы қалыпты жағдай. Кейінгі жылдары шетелдік мектептердегі киім еркіндігін мысалға алатындар баршылық. Бірақ, мұндай ұсыныстарда еліміздің отыз жыл бұрын ғана тәуелсіздігін алған, дербес мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ, халықтың менталитетіне, болмыс, бітіміне де мән берген маңызды. Өзгелер үлгі еткен өркениетті елдерде киімнің ыңғайлылығына, қарапайымдылығына, сапасына көңіл бөлінеді. Ал бізде әлі күнге дейін киімнің брендіне, бағасына мән беретіндер көп. Сондықтан егер мектеп формасын алып тастаса, білім ордаларында киім жарыс болмайтынына кепілдік жоқ. Бұдан әріне жағдайы төмен отбасылардың балалары зардап шегеді. Яғни, еркін киім үлгісіне көшудің ауылы әлі алыс. Ол үшін алдымен сана өзгеруі керек.

Ал хиджапты қазақтілді аудитория қызу талқылайтын тақырыптың бірі екені рас. Содан болар, соңғы жылдары халықтың назарын маңызды мәселелерден алыс алып кету үшін хиджап тақырыбын ортаға тастай салатын әдет пайда болды. Халық соны біліп тұрса да, хиджапқа қатысты сөзталастан ешқашан қашпайды.

Еліміздегі білім ордаларында діни киімдер киюге тыйым салынған. Бірақ, соған қарамастан үстіне мектеп формасын кигенімен, басына орамал тағып келетін қыздар бар. Былтыр біздің мектепте оқитын осындай бір қызбен тәрбие жұмысын жүргіздім. Ортақ тәртіпке бағыну керектігін түсіндірдім. Ескертуім елеусіз қалмады.

– Уақыт тауып пікір білдіргеніңізге рақмет!

А.САТЫБАЛДЫ

ЖАСТАР САЯСАТЫ

## ҮЗДІК СТАРТАПТАР СЫНҒА ТҮСПЕК

**АМАНАТ партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев пен Astana Hub IT стартаптар халықаралық технопаркінің бас директоры Мағжан Мәдиев ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойды.**

Меморандум аясында жастарға арналған сапалы цифрлық білім беру бағдарламасын іске қосу жоспарланады. Оның мақсаты – бағдарламалау мектептері мен жас IT мамандарын қолдау. Осылайша, әрқайсысы 600 000 теңгеге дейін 3000 ваучер бөлінеді. «Жастар Рухы» – Жастар қанаты бүкіл ел бойынша бағдарламаға қатысуға ниетті үміткерлерді іздестіруге ықпал ететін болады.

«Жастар Рухы» ЖҚ төрағасы Нұржан Жетпісбаевтың айтуынша, меморандум жастарды IT жобаларды іске асыруға тарту бойынша бірлескен

жұмыс жүргізу мақсатында жасалды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АМАНАТ партиясы Жастар қанатының VI съезінің делегаттарына жолдаған бейнеүндеуінде жаңа Қазақстан жастары үшін маңызды үш басымдықты атады. Бұл – білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм. XXI ғасырдың озық технологиялардың кезеңі екенін және осы секторды дамытуда жастардың басты рөл атқаратынын жақсы түсінеміз. Еліміздің түкпір-түкпірінде біз білмейтін таланттар өте көп. Astana Hub-пен бірлескен жоба осындай жастардың өзін көрсетуі үшін жақсы мүмкіндік болады», – деп атап өтті Нұржан Жетпісбаев.

Өз кезегінде Мағжан Мәдиев Astana Hub-тың өзінің алдына технологиялық салаға, инновациялар саласына талантты жастарды тарту міндетін қойып отырғанын атап өтті.

«Мұнда олардың алдынан көптеген мүмкіндіктер ашылады. Біз Tech Orda, No code school, Startup school және

басқа да тегін білім беру бағдарламаларын ұсынамыз. Біздің Алем бағдарламалау мектебімізде IT дағдыларын тегін оқуға болады. Біз қазақстандық жастардың әлеуетінің зор екенін көріп отырмыз. АМАНАТ партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатымен бірлесіп отырып, жастардың IT саласына деген қызығушылығын арттыратынымызға сенімдімін», – деп атап өтті Astana Hub бас директоры.

Сонымен қатар, меморандум биылғы күзде IT-хақатон өткізуді қарастырып жатыр. Байқау барлық өңірлерді қамтитын алғашқы IT-хақатон болмақ. Өңірлік іріктеуден өткен үздік жобалар елордада актық кезеңде сынақтан өткізіледі.

Astana Hub Орталық Азиядағы IT-стартаптардың ірі технопарктерінің бірі болып табылатынын айта кеткен жөн. Онда қазақстандық және шетелдік технологиялық компаниялардың еркін дамуы үшін жағдайлар жасалған.

Айгүл АХМЕТОВА

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## 18 КОНФЕССИЯНЫҢ 3850 ДІНИ БІРЛЕСТІГІ БАР

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметі бойынша, «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ республика мен әлем елдерінің діни ахуалына ай сайын талдау және мониторинг жүргізеді. Қазақстандағы діни ахуалды тұрақты деп сипаттауға болады. Бұл мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылы мен діни қызметті реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижесі. Мәселен, елімізде ресми тіркеліп, өз қызметін жүзеге асырып жатқан 18 конфессияның 3850 діни бірлестігі бар. Олардың 2714-і ислам, 591-і протестант, 345-і православ, 88-і католик, 60-ы Ехоба куәгерлері, 24-і Жаңаапостол шіркеуі, 12-сі Кришна сәнасы қоғамы, жетеуі иудей, алтауы бахаи, екеуі буддизм, екеуі Иса Мәсіхтің соңғы күнгі әулиелер шіркеуі (мормондар), біреуі минуттердің діни бірлестігі. Бұл дін конфессияларының ғибадат үйлерінің жалпы саны – 3616. Оның 2714-і мешіт, 303-і православ, 399-ы протестант, 57-сі ехоба, 24-і жаңаапостол, алтауы синагога, екеуі бахаи, екеуі кришнаид, біреуі буддизм ғибадатханасы. Сондай-ақ, бұл ғибадат үйлерінің қосымша құрылысы 141 мешіт, 4 шіркеу, 9 храм, 1 ғибадатхана үйі мен 272 намазханада жүргізіледі. Елде діни әдебиетті және діни мақсаттағы заттарды тарататын үй-жай саны – 234.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі 2021–2023 жылдарға арналған кешенді жоспардың орындалуы туралы есепке қарағанда, республика аумағында ресми түрде 351 миссионер тіркелген. Оның 274-і шетелдік, 77-сі Қазақстан азаматтары. Діни сенімдері бойынша олардың 235-і католик, 38-і православ, 19-ы пресвитериан, 17-сі кришнаид, 16-сы жаңаапостол, жетеуі баптис, алтауы жетінші күн адвентисі, алтауы елуінші күндер шіркеуінен, үшеуі иудаист, екеуі ехоба, біреуі лютеран, біреуі буддизм.

Министрлік жергілікті жерлерде құрамында 2899 адам бар дін мәселелері жөніндегі 232 өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының (АТТ) қызметін үйлестіруді қамтамасыз етті. Мысалы, 1,5 жылдың ішінде АТТ мүшелерінің қатысуымен 1,3 млн астам адамды қамтыған түрлі форматтағы 31 мыңнан аса іс-шаралар ұйымдастырылған екен. Атап айтқанда, 634 мың адамды қамтыған 16 мыңдай шара 2021 жылдың екінші жартыжылдығында өтсе, 700 мың адамды қамтыған 15 мың ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілген.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының маңызды саласы. Себебі, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі және халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайы осы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына тікелей байланысты. Бұған зор мүмкіндік те бар. Еліміздегі табиғи ресурстар мен атадан балаға ведомстволардың өзара іс-қимылының нақты ережелерін белгілеу қажет. Орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажырату қажет ететін ветеринария саласы да жетілдіруді талап етеді. Мал денсаулығы мен өнімділігі жергілікті жерлердегі ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Ал бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Қазіргі заманғы ветеринарлық қызмет болмаса, ауылшаруашылық өнімдерінің едәуір бөлігінің экспортын кеңейту мүмкін емес. Сондықтан бұл салада дәйекті жұмыс талап етіледі: процесстерді цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыру, кадрлар даярлау және жалақыны арттыру. Нормативтік базаны нығайтып, тиімді жоспарлау мен мониторинг жүйесін енгізген жөн. Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын мемлекеттің өнеркәсіптік саясатына сәйкес келтіруге қажет. Осылайша, Президент Қ. Тоқаевтың пікірінше, жоғарыда аталған шаралар ұлттық экономиканың негізгі өсу нүктелерінің біріне айналатын агроөнеркәсіптік секторға оң әсер етеді. Нәтижесінде бұл сала өзінің басты міндеті – елді негізгі азық-түлікпен

толық қамтамасыз етуді табысты шешетін болады.

Мемлекет басшысы назар аударған тағы бір мәселелер – жем-шөп дақылдарын өсіру алаңдарын кеңейту және ауыспалы егістің сақталуына бақылауды күшейту, Жерді ғарыштық мониторингтеу және қашықтықтан зондау мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет. Жайылымдарды пайдалану тиімділігін арттыру да маңызды. Бүгінгі таңда фермерлер мал жаю орындарына қол жеткізе алмайды, өйткені, олар ағы-жөні белгілі адамдарға тиесілі, олар өз иеліктеріне тұрақты бекіністер салған. Әкімдер бұл мәселені әртүрлі себептермен, соның ішінде жеке тәуелділікке байланысты шеше алмайды. Үкімет уәкілетті органдармен бірлесіп, ахуалды түзету үшін бағыл шаралар қабылдауы қажет. Ауыл тұрғындарының жеке аулаларын жайылымдық жерлермен қамтамасыз етуге ерекше назар аудару керек.

Жалпы алғанда, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша Қазақстан әлемдегі әлеуетті аграрлық өнім өндірушілердің бірі бола алады. Оның ішінде экологиялық таза азық-түлік өндіру бойынша. «Made in Kazakhstan» бренді әлемдік нарықты жаулай алады. Ол үшін шикізат өндірісінен оны қайта өңдеуге және сапалы өнім шығаруға көшу қажет. Сонда ғана Қазақстан халықаралық нарықтарда бәсекеге түсе алады.

Токетерін айтқанда, барымызды бағалап, базарлау өз қарнымызды ғана тойдырмай, өзгенің де дастарқан мәзірін байытып, құнарлы етеді. Бұл дегеніміз халқымыздың әл-ауқатын арттыруға тікелей жол. Сондықтан бізге белгілі мәселелерді қауза бермей, соларды шешуге білек түре кірісу керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

**АКЦИЯ**

**Елімізде жыл сайын әлеуметтік бағытта өтетін «Мектепке жол» акциясы болады.**

«Адамға қажетті нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, осы қайырымдылық акциясына ЗК-169/1 тергеу изоляторы қызметкерлері де өз үлесін қосты.

Мекеме бастығы, әділет майоры Қ.И. Иясов пен мекеменің кәсіби қызметтік және денешынықтыру даярлығы жөніндегі инспекторы, әділет капитаны М.Тұрымбетовтың және аға сержант А.Токжолованың бастамасымен жеке құрам мен ерікті жалдамалы қызметкерлерді жұмылдырып, бәрі акцияға бір кісідей атсалысты.



**ШАҢЫРАҚ**

**ТЕРГЕУ ИЗОЛЯТОРЫНДАҒЫ НЕКЕ**

**Қызылорда облысы бойынша ЗК-169/1 тергеу изоляторында ҚР Қылмыстық кодекстің 120-бабы бойынша жазаса тартылған азамат сүйіктісімен некесін қиды.**

1992 жылы туылған бұл азамат бостандықта жүргенде болашақ жарымен үйленіп, жанұя құрсам деген ізгі ойда болатын. Бірақ, ойламаған жерден достарымен көңіл-көтеру үшін түнгі клубқа барғанының соңы осы қылмысқа тартылуына әкеп соқты.

– Қылмысымды білген соң жүріп жүрген қызым енді мүлдем хабарласпас деп ойлаған болатынымын. Бірақ, дұрыс таңдау жасаппын. Сүйіктім жасаған қылмысымды кешірді, әрі некеге тұруға рұқсатын берді. Қуанғаннан некеге тұруға өтініш жаздым. Мекеме заңгері Мұратбек Асқарұлының ықпалымен тез арада тиісті орындардан өкілдер келіп, бізге неке куәлігін тапсырды. Бүгін сондай қуаныштымын. Енді барлық болашаққа құрған жоспарларымды, темір торда отырып армандайтын болдым – дейді болашаққа үміті зор жігіт.

Ия, шынында да, бастарына іс түскенде кез келген жан жақындарының қолдауына зәру болады. Соның бірі осы қапаса қамалып сотты болған Ш есімді азаматтың некеге тұруы оның қиялына қанат бітіріп, жағымды мінез-құлықта болуға итермелейтіні анық. Өйткені ол, неке куәлігін алған соң, арнайы бөлмеге көтеріңкі көңіл-күймен қайтты.

– Жалпы, мекеме тарихында тағдырын сүйіктісімен байла-

ныстырып, түзелу жолына берік түсіп, сайып келгенде мерзімінен бұрын босатылған сотталғандар да кездеседі. Неке олардың тәрбиесіне игі әсер ететін болғандықтан, өтініштерін тез арада қарап, қолдарына неке куәлігін беріп отырамыз. Жыл басынан бері осымен бесінші азамат некесін қиды – дейді, АКАПТБЖ бастығы, әділет капитаны Ардақ Тұрманов.

Раушан НАРБЕК

**ҚУАНСА – БАЛА ҚУАНСЫН!**

– Акция барысында жиналған қаражатқа 2 мүмкіндігі шектеулі және 1 көп балалы отбасындағы қызға мектеп сөмкелері мен оқу құрал-жабдықтарын алып беріп, қаржылай көмек көрсетті.

– Менің қызым мүмкіндігі шектеулі бала болғандықтан, үйде оқытылады. Үйде оқытылса да, мектепке баратын басқа балаларынан кем көрмейміз. Әкесі екеуіміз көңілі көтерілсін деп, тәуірлеу оқу-құралдарын алып беріп отырамыз. Бойжетіп келе жатқан қыз бала болған соң, әдемі заттар пайдаланғанды жақсы көреді. Бүгін де міне, погондағы қызметкерлер сәнді сөмке мен біраз оқу-құралдарын әкеліп берді. Қызыма бұл тосын сый болды. Демеушілік танытқан мекеме қызметкерлеріне сыйлықтары үшін рақмет айтамын – деді, Гүлназдың анасы.

Ал келесі көпбалалы жалғызбасты ананың қызы Жібек есімді бүлдіршін апарған сыйлықтарды көріп қуанып қалды.

– Мен де бес ұл, бір қыз бар. Оның біреуі әлі мектепке бармайды. Әкелері дүниеден өткелі бес оқушыны жаңа оқу жылына киіндіріп, оқу құралдарымен қамтамасыз ету бір өзіме ауырлық тудырады. Қызыма әкелген сыйлықтарыңыз бен қаржылай көрсеткен көмектеріңіз үшін алғысым зор, – деп, ризашылығын білдірді жалғыз басты ана.

Балалардың қуанышы – қуаныштың төресі демекші, балаларға қуаныш сыйлаған тергеу изоляторының қызметкерлерінің бұндай игі істері бұдан әрі де жалғаса бермек.

Р. НАРБЕК

**ЖАЗА**

**ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛЕЗІКТІ ҮЗГЕН**

**Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің аудандық, қалалық пробация есебінде тұратын 32 сотталғанға электронды білезік тағылған болатын.**

Қызылорда қалалық пробация қызметінің есебіндегі А есімді сотталған ҚР ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігі, 3-тармағымен кінәлі деп танылып, сот үкімімен оған 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған. Жаза өтеуінің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбек тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленген. Жуырда бұл сотталғанға қалалық пробация қызметімен электронды білезік тағылған. Электронды бақылау

құрылымы тағылса да ол сот жүктеген міндеттерді орындамай, жаза өтеу тәртібін бірнеше рет бұзып, мәжбүрлі еңбекті атқарудан бас тартқан. Пробация қызметкерлерінен төрт рет «ескерту» тәртіптік шарасы қолданылған.

– Бұл сотталған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібін бірнеше рет бұзған. Сотталған бұнымен тоқтамай, масан күйде болып, электронды құрылысын өздігінен үзіп тастаған. Сол мезетте пробация инспекторларының планшеттеріне сигнал келіп түскен. Жүргізілген тәрбиелік жұмыстардан еш нәтиже шығармаған сотталғанның іс-құжаттары жинақталып, бас бостандығының өтелмеген мерзімін дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру үшін сотқа ұсыныс жолданды, – дейді әділет майоры Ж.Есмаханов.

**САУЫҚТЫРУ**

**СУРЕТ САЛУ АРТ ТЕРАПИЯСЫ ӨТТІ**

**Қызылорда қаласындағы қауіпсіздігі барынша төмен ЗК-169/4 мекемесінің психологы А.Аманова мекемеге жаңадан қабылданған, сұрыптау бөліміндегі сотталғандарды (карантин) қабылдап, сурет салу арт терапиясын жүргізді.**

Шараның мақсаты сотталғандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін, күйзеліс жағдайларын жеңуге, жеке тұлғалық қарым-қатынас орнатуға психологиялық көмек беру.

– Түзеу мекемесіне жаза мерзімін өтеуге келген әрбір сотталғанға психологиялық тұрғыдан көмек көрсетеміз. Олардың жағымсыз мінез-құлыққа жол бермеулеріне, қоғамға, айналаға көзқарасын жақсартуға ықпал жасаймыз. Темір торға тоғытылған азамат бірден депрессиялық күйзеліске түсіп кетпеуі үшін психологиялық моральдық көмек көр-

сетеміз. Бүгінгі сурет салу терапиясы барысында мекемеге жаңадан қабылданған алты сотталған азамат психологиялық жаттығулар жасап, әртүрлі сұрақ-жауаптарға қатысты. Пікір алмасу кезеңдері бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізіп, мінез-құлқын анықтадық», – деді психолог маман Ақгүл Аманова.

– Отбасымдағы жанжалдың кесірінен ішімдік ішіп, көлік жүргіздім. Заңды белшесінен басып, масан күйде көлікті басқарғаным өз қателігімнен. Маған бұл үлкен сабақ болды, бостандықтың қадірін түсіндім. Қандай жағдай болса да сабырлылықпен қарап, ақылмен шешу керектігін айтар едім. Менің қателігімді басқа адам қайталамаса екен, масан күйде көлік тізгінін басқару өз өміріңе де басқа адамдарың өміріңе де зиянын тигізеді. Бүгінгі психологиялық тренинг маған өмірге деген оң көзқарасымды өзгертуіме әсер етті. Алдағы уақытта да осындай тренингтерден қалмай қатысатын боламын», – деді сотталған азамат.

**ҚЫЗМЕТ**

**ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ**

**Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің бастығы, әділет подполковнигі Есенкелдиев Шаймерден ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты №5547 әскери бөліміндегі жаңадан ант қабылдаған жас сарбаздармен кездесті.**

Кездесу барысында Шаймерден Тәжікұлұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөзімен бастап, Отан алдындағы борышын өтеп, әскер қатарына қосылу – нағыз азаматтықтың белгісі, қайсарлықтың көрінісі деді. Әскер сендерді тәртіпке, жүріп-тұруға, қару ұстауға, бұйрыққа бағынуға, бірлесіп қызмет жасауға үйрететін нағыз ер-азаматтардың мектебі. Сондықтан темірдей тәртіпке бағынып, Отанға адал болып, отансүйгіштіктің жарқын үлгісін көрсетіңіздер. ҚАЖ мекемесіндегі тыныштық пен тәртіптің сақталуы – ең алдымен қарауыл күзетінде қалтқысыз қызмет атқаратын қырағы жауынгерлеріміз сіздерге байланысты. Сотталғандармен байланысқа түспей, күні-түні қырағылық пен қауіпсіздікті сақтап, мекеменің ішіндегі тәртіпті бақылап, қадағалап, заңдылықты қатаң сақтап, жүктелген жауапкершілікті жоғары деңгейде атқарыңыздар. Қылмыс жасап, сотталғандардың не ойлап жүргені өздеріне ғана белгілі. Сондықтан да ҚАЖ мекемесін күзететін әрбір сарбаз қауіптің бетін қайтару үшін ережеге сай қимылдап, кез келген тосын оқиғаға үнемі дайын жүруі қажет», – деді департамент бастығы.

«Әрбір ер-азаматтың туған елі, Отаны алдында бас тартуға болмайтын абыройлы міндеті бар. Ол – Отан қорғау. Мен туған елімнің алдындағы парызымды осы Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде өтеудемін. Әскери ант қабылдадым. Әскери борышымды өтей жүріп, ұқыптылыққа, уақытты тиімді пайдалануға, сабырлы, шыдамды болуға дағдыландым. Сонымен қатар, шапшаң қимылдауды, бастаған ісін кейінге қалдырмай, соңына дейін апаруды үйрендім. Қазіргі таңда ЗК-169/5 ҚАЖ мекемесінің аумағын бақылап, қадағалаймыз. Менің азаматтық борышым – Отаныма абыроймен қызмет ету», – деп өз ойын бөлісті жас сарбаз.

Материалдарды дайындаған Дана ДОСТАНОВА, Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

**СПОРТ**

**ШЫНЫҚСАҢ ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!**

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған жазалы жасөспірімдер арасында жақын қазақстандық бодибилдингтің бетке ұстар өкілі, Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы, Азия чемпионы, фитнес-жаттықтырушы Жармағамбетов Ақбар және менеджер Шарипов Данияр қонақта болды.

Жармағамбетов Ақбар Талғатұлы өзінің балалық шағы, спортқа келуі, спорт жолындағы жеңістерін әңгімелеп берді. Жасөспірімдердің спортқа байланысты қойылған сұрақтарына жауап беріп, қызықты көңілді кездесу өткізді. Жазасын өтеушілерге кездесудің соңында Жармағамбетов Ақбар турникке тартылу мен бірнеше жаттығу түрлерін көрсетіп, олардың техникасын үйретті. Кел-

ген қонақтарға мекемедегі тәрбие бөлімінің бастығы Сабитов Ернар мекеме мен жасөспірімдердің атынан зор алғыс білдіріп, алдағы уақытта тағы осындай спорттық кездесулерге келіп, тәжірибелерімен бөлісіп, жеткіншектерге жол сілтеп, ақыл кеңестерін беріп отыруларын өтінді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН, ЛА-155/6 мекемесі



СУ РЕСУРСТАРЫ

# СУ ҚОРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

**Су – қоршаған ортаның негізгі элементі. Ол барлық экожүйелердің өміршеңдігін сақтап, қоршаған ортаның қалыптасуын және адам үшін өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. Су адамның экономикалық қызметінің барлық түрлерінде – тамақ өнімдері мен өнеркәсіптік өнімдерден бастап энергия өндірісіне дейін өте қажет.**



ды, ал АҚШ пен Ресейде бұл – 44 м3, Австралияда – 21 м3.

Объективті себептер бойынша климаттық процестер және трансшекаралық су бөлуге тәуелділікке біздің ықпал ету мүмкіндігіміздің шектеулігімен барлығы келіседі деп ойлаймыз. Сондықтан үшінші фактормен, атап айтқанда, су пайдаланудың тиімсіздігімен жұмыс істеу қажет. Суды пайдалану тиімділігіне қалай әсер етуге болады? Судың негізгі шартты «бенефициарла-

ры» – табиғат, халық, экономика немесе бизнес. Олардың арасында судың талаптары, оның мөлшері мен сапасы туралы қарым-қатынас қалыптасады, ал су тапшылығының аясында мемлекет осы қатынастардың ережелерін анықтауы керек. Осы мақсатта мемлекет заңнамалық талаптарды (су пайдалану лимиттерін, су тұтыну нормаларын, су сапасының стандарттарын және т.б.), мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар, әкімшілік рәсімдерді оңайлату,

салық преференциялары және т. б.) белгілейді және инфрақұрылымдық жағдайлар жасайды. Екінші жағынан, мемлекет барлық бенефициарлардың мүдделерін сақтау үшін қабылданған ойын ережелерін бұзғаны үшін заңды жауапкершілікті белгілеуге құқылы, – деген Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы мемлекеттік қадағалау мен су қорын пайдаланудың негізгі мәселелері жанадан әзірленген Су кодексі аясында шешілетініне сендіруге тырысты. Оның пайымдауына, жаңа кодекске енгізуге ұсынылатын мемлекеттік қадағалау табиғат, халық және адал кәсіпкерлердің мүдделерін жекелеген жосықсыз су пайдаланушылар тарапынан су заңнамасын бұзудың теріс салдарларынан қорғауға бағытталған. Бұл ретте су қорын қорғау және пайдалану саласындағы жергілікті атқарушы органдардың іс-әрекеттері мен шешімдері қадағалау объектілері болып отыр. Енгізілетін құралдың міндеті кәсіпкерлік субъектісін жазалау емес, су пайдаланушының өзіндік де, басқа да бенефициарлардың мүддесі үшін ықтимал бұзушылықтардың уақытылы алдын алу.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
**«Заң газеті»**

Бұл оны өндіріс үшін экономикалық құндылық ретінде қарастыруға итермелейді. Оны Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы Марат Иманалиев су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік қадағалауды енгізу бойынша реттеушілік әсерді талдаудың қоғамдық талқылауы кезінде айтты. Марат Уәлиханұлының сөзін қарағанда, Қазақстанның су ресурстары – бірегей және осал жүйе, ол басқа елдерге қарағанда тәуекелдерге көбірек ұшырайды. Біріншісі, жаһандық жылынуудың әсеріне байланысты мұздықтар еруінің уақытша ұлғаюуы су ресурстарының болашақ көлемдеріне әсер етеді. Егер 2000 жылдары орташа көпжылдық өзен ағыны 120 км3 болса, қазіргі уақытта ол шамамен 102 км3 құрайды. 2030 жылға қарай ол 99,4 км3 дейін қысқаруы болжанып отыр. Қазірдің өзінде су ресурстарының тапшылығын Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының экономика салалары, әсіресе, ауыл шаруашылығы бастан кешіруде. Олардағы су ресурстары

халық пен экономика салаларының қажеттіліктерін өтемейді. Нәтижесінде су тасқыны қоршаған ортаға зиян келтіреді. Екіншісі, Қытайдан, Ресейден, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан келетін және жерүсті сулары ағынының 44% құрайтын трансшекаралық суларға тәуелділік. Ел халқының жартысынан көбі тұратын және олардың тіршілік ету жағдайлары сумен қамтамасыз етуге тікелей тәуелді оңтүстік және батыс өңірлер трансшекаралық ағынға барынша тәуелділікті сезінуде. Сондай-ақ, оңтүстік өңірлердің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі үлесі шамамен 70% құрайтынын атап өту қажет. Үшіншісі, өсіп келе жатқан ресурстар тапшылығы аясында үлкен шығындарға (су шаруашылығы инфрақұрылымының тозуына байланысты тасымалдау кезінде суармалы судың шамамен 40% жоғалды) және экономика салаларында суды қажет ететін технологияларды пайдалануға байланысты су ресурстарын тиімсіз пайдалану. Ел экономикасына жалпы ішкі өнімнің бір долларына Ресей мен АҚШ-қа қарағанда 3 есе, Австралияға қарағанда 6 есе көп су қажет. Өнім бірлігін өндіруге 129 м3 су жұмсала-

## ӨРТҮРЛІ

2. Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің экономиканың нақты секторы бөлімінің «Ақтоғай-Сервис» КМК, БСН 040240001874, өзінің Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің экономиканың нақты секторы бөлімінің «Ақтоғай-Су» КМК-на, БСН 220140009488, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Павлодар обл., Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылдық округі, Ақтоғай ауылы, Думатов көшесі, 1.

8. «ЖШС МҚҰ Махамбет», БСН 071040021027, «ЖШС Махамбет 2022», БСН 071040021027, өзгерту, сондай-ақ құрылтайшылардың құрамын өзгерту және қатысушылардың үлесін өзгерту арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Шағымдар Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 13А үй, 4 қабат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87017507741.

9. Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.08.2022 ж. ұйғарымымен «Алем Концепт» ЖШС-не, БСН 200240020538, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Несиетерлер тізіміне қосу туралы талаптарды уақытша әкімгер Л.Л. Абылова хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі, №88. Тел.: 87017205432.

### 10. ШЖК «Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» МКК бақылау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс туралы хабарландыру

Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы, 020000.

Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі 1а, 205-кабинет. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің мүшелеріне конкурс жариялайды.

